



www.facebook.com/syrboyi_kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

2 Импортты алмастыратын 9 жоба



4 Тағылымды тәрбие мектебі



5 Сағыныш



6 Ұлағатты ұстаз биігі



● ПРЕЗИДЕНТ



«АЛДЫМЫЗДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР БАР»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Аманат» партиясының кезектен тыс XXIII съезіне қатысты.

Съезд делегаттарына мемлекет пен қоғамды түбегейлі жаңарту үдерісі басталғанын айтты. Президенттің пікірінше, «Аманат» осы жүйелі өзгерістерге белсене атсалысып келеді. – «Аманат» әлеуметтік әділдік қағидатын орнықтыруға әрдайым баса мән береді. Мемлекеттілікті нығайту және ел бірлігін бекемдеу – ұйымның айрықша миссиясының бірі. Өткен съезде партияға ребрендинг жасау қолға алынды. Сондай-ақ, оны институционалдық тұрғыдан жаңарту жұмысы басталды. Партия бұл міндеттерді орындауға дереу кірісіп кетті. Нақты нәтиже бар, өзгерістерді қазірдің өзінде көріп отырмыз. Осы қарқынды бәсеңдетпей, жұмысты одан әрі жалғастыру керек, – деді Мемлекет басшысы. Президент наурыз айының ортасында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында саяси реформалардың ауқымды бағдарламасын ұсынғанын еске салды. Сонымен қатар бірден Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын дайындау

жөнінде ауқымды жұмыс басталғанын, онсыз жоспарланған саяси реформаларды тиімді жүзеге асыру мүмкін емес екенін атап өтті. – Конституциялық реформаның мақсаты – елімізді саяси тұрғыдан одан әрі жан-жақты жаңғыртудың берік іргетасын қалау. Өткен аптада Конституциялық кеңеске тұзетулер жобасы жолданды. Оның қабылдануы мемлекеттік институттарды құрудың және қызметінің мүлде жаңа үлгісін – Жаңа Қазақстанды құруға мүмкіндік береді. Азаматтар тарапынан: «Жаңа Қазақстан дегеніміз не?», – деген сауал жиі қойылып жүр. Менің ойымша, бұл сұраққа қысқа да нұсқа жауап беруге болады. Жаңа Қазақстан дегеніміз – шын мәнінде Әділетті Қазақстан. Азаматтарға әлеуметтік әділдік жетіспейтінін мойындайықшы. Қарапайым халықтың мүддесі үнемі елене бермейді, тіпті әділетсіздік мемлекеттік аппарат өкілдері тарапынан да жасалып жатады.

2-бет

● АУЫС-ТҮЙІС

Елдік мүддеге еңбек – кадрлық саясаттың ұстанымы

Халыққа шынайы жанашырлықпен қызмет ететін аймақтың жан-жақты дамуына аянбай тер төгетін білікті мамандарды тарту кадрлық саясаттың басты ұстанымы болып қала береді. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев актив мәжілісінде шегелен тұрып айтты. Аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте кадрлық өзгерістерге байланысты қабылданған бірнеше шешімдер таныстырылды.

– Кейінгі уақытта қоғамда көп талқыланып жүрген тақырыптың бірі – облыс көлеміндегі кадрлық өзгерістер, ауыс-түйіс жайлы екені белгілі. Облыс әкімі қызметіне кіріскеніме 20 күннен асты. Бұл қызметтегі менің басты міндетім – халықтың сенімін ақтап, елдің сұранысына сай қызмет ету, Мемлекет басшысының тапсырмасын, алға қойған міндеттерін сапалы орындау. Ал ол үшін бірінші кезекте жедел шешімін табуы тиіс

мәселелерді айқындау және сол мәселені шешу жолында білімі мен тәжірибесі мол, білікті кадрлардың әлеуетін дұрыс пайдалану қажет. Өздеріңізге белгілі, алғашқы күннен бастап жұмысты онтайландыру үшін бірнеше басқарманы біріктіріп, бірқатарының құрылымын түбегейлі өзгерттік. Себебі біз үшін ол басқармалардың саны емес, көрсететін қызметі мен жұмыс сапасы өте маңызды, – деді облыс әкімі.

2-бет

● ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҮЛКЕН

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың аудандарға жұмыс сапары Қармақшы және Сырдария өңірінде жалғасты. Сапар барысында бірқатар әлеуметтік, шаруашылық нысандар жұмысы назарға ұсынылып, аудан активтері өтті. Жұртшылықпен жүздесуде аймақты дамытудың басым бағыттары айтылып, тұрғындардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»



Облыс әкімі алдымен Қармақшыдағы «Ақтөбе және Ю» ЖШС жүзеге асырып жатқан құс фабрикасының құрылысын аралап көрді. Серіктестік басшысы Нұрлан Іздібаевтың айтуынша, аталған жоба 2017 жылы қолға алынған. Қазіргі таңда құс фабрикасының құрылысы толық аяқталған. Ауызсу және электр желісімен қамтамасыз етілген. Ендігі кезекте құрал-жабдықтарды алу үшін тиісті іс-шаралар атқарылуға. Сондай-ақ, фабрикаға баратын автожол салу мәселесі кезекте тұр. – Аталған жобаның басталғанына бес жылға жуықтап қалды. Әрине, жергілікті тұрғындарға жұмыс көзін табуда құс фабрикасының маңызы зор. Оған қоса аймақтың азық-түлік қауіпсіздігіне оң әсерін тигізеді. Сондықтан аталған жобаны тезірек аяқтауға күш салуымыз қажет. Ал автожол мәселесін шешуде тиісті іс-шаралар атқарылады, – деді облыс әкімі.

3-бет

● ХАЛЫҚ ЖӘНЕ НАРЫҚ

Тұрғын үй нарығын не күтіп тұр?

Адам үшін баспананың маңызы туралы айтып жатудың өзі артық. «Үйің болмай, күйің болмайды» демекші, кез келген отбасы үшін бірінші кезектегі мәселе – баспанаға қол жеткізу. Баспаналы болу – бір бақыт. Алайда, ол оңайлықпен келмейді.

Ырыс ТӘЖІҮЛЫ, «Сыр бойы»

Қазақстанда жылжымайтын мүлік бағасы өсу үстінде. Өткен жылы жаңа тұрғын үйдің бағасы 15,2%-ке, ал қайталама нарықтағылардың бағасы 23,1%-ке өскен болатын. Баспаналы болғысы келгендерді тұрғын үй нарығының жағдайы қызықтыратыны түсінікті. Оның бағасы түсуі мүмкін бе? Сарапшылар пікірінше тұрғын үй қоры жетімсіз кезде баға арзандамайды. Еліміздегі тұрғын үй қорының жалпы ауданы 373 млн шаршы метрді құрайды. Басым бөлігі қалалар үлесіне тиетінін атап өту керек. Ал қалалардағы жылжымайтын мүліктің 40%-ке жуығы еліміздегі үш мегаполиске – Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларына топтасқан. Ал өңірлерде тұрғын үйлер жеткілікті көлемде салынып жатқан жоқ.

Тапшылықты статистикалық мәліметтерден көруге болады. БҰҰ бекіткен халықаралық стандарттар

4-бет



● МЕРЕЙ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев еңбек ардагері, салық қызметінің үздігі Дайрабай Ысқақовты 75 жасқа толуына орай құттықтап, «Қызылорда облысының Құрмет грамотасын» табыстады.

Дайрабай Ысқақов 75 жаста



– Дайрабай Ысқақовты, сізді Сыр жұртшылығы атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Сыр өңірінің дамуы да құттықтап, шынайы алғашқы дамуына жоғары дәрежеде қызмет еттіңіз. Бұл еңбегіңізді Сыр жұртшылығы жақсы біледі және ерекше құрметтейді. Өмірлік тәжірибеніз бен ақыл-кенеңіз өскелең ұрпақ үшін айнымас темір қазық.

Сізді өз атымнан және облыс тұрғындары атынан тағы да құттықтап, шынайы алғашқы дамуына жоғары дәрежеде қызмет еттіңіз. Бұл еңбегіңізді Сыр жұртшылығы жақсы біледі және ерекше құрметтейді. Өмірлік тәжірибеніз бен ақыл-кенеңіз өскелең ұрпақ үшін айнымас темір қазық.

Басқосуда үзегілес әріптестері Дайрабай Ысқақовтың еңбек жолынан естеліктер айтып, игі тілегін арнады.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі



«АЛДЫМЫЗДА АУҚЫМДЫ МІНДЕТТЕР БАР»

Азаматтардың мемлекеттік мекемелерге сенімсіздігі осыдан туындайды. Сондықтан «Аманат» партиясының алдында осы олқылықтардың орнын толтыру міндеті тұр. Азаматтық қоғам мен билік арасындағы дәнекер болу үшін сіздер халық өкілдерімен етене жұмыс істеулеріңіз керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар елдің бүкіл саяси архитектурасын кешенді түрде қайта қарауға, билік тармақтары арасындағы тежеу мен тепе-теңдіктің неғұрлым теңгерімді жүйесін құруға бағытталғанын айтты. Президенттің пікірінше, біз супер-президенттік басқару түрінен түбегейлі бас тартамыз, Парламент пен мәслихаттардың өкілеттігін күшейтеміз. Партиялық-саяси жүйені жаңғырту – басым бағыттың бірі.

Партиялар мен сайлау туралы заңнамаларды либерализациялау қоғамның ролін күшейтеді. Бұл – биліктің барлық деңгейінде қабылданатын шешімдеріне қатысты. Президенттің пайымына, азаматтардың дауысы үшін бәсеке күшейіп, саяси үдерістердің қарқыны мен мазмұны өзгереді.

Жалпы алғанда, партиялық алаңда сең қозғалғанын көріп отырмыз. «Адап» партиясының «Аманат» партиясымен бірігу жөніндегі бастамасы – басталған өзгерістердің жарқын көрінісі. «Адап» партиясының жетекшілері мен мүшелеріне осы маңызды шешімдері үшін ризашылығымыз білдіреміз. Жаңа Қазақстанды құрамыз десек, елге жанашыр қоғамдық-саяси күштердің бәрі жұмылуы керек. Бұл ретте, партиялардың өзара тіл табысып, саяси жүйені дамытуы аса маңызды. Сондықтан, «Адап» партиясының бастамасын қолдап, онымен біріккен жөн деп санаймын.

«Адап» – өз жақтастары бар, қалыптасқан партия. Саяси бәсеке артып келе жатқан қазіргі кезеңде мұның айрықша мәні зор, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жыныда Мемлекет басшысы жауапты әрі аса маңызды кезеңге қадам басқанымызға тоқталды. Президенттің айтуынша, конституциялық реформа – Тәуелсіздік тарихындағы жаңа белес. Мұның бәрі уақыт талабынан және қоғам сұранысынан туындап отыр.

– Мен бұған дейін партия төрағасы лауазымынан босап, ұйым қатарынан шығатынымды айттым. Осы ұйғарымды жүзеге асыратын кез келді. Бүгіннен бастап «Аманат» партиясының төрағасы ретінде өкілеттігімді тоқтатып, партиядан шығу туралы шешім қабылдадым. Бұл қадамның символдық мәні бар. Осы орайда, Президент сайлауында маған сенім артып, қолдағандарыңыз үшін баршаңызға алғысымды айтамын. Сондай-ақ, жауапты сәтте партия тізгінін сеніп тапсырғандарыңыз үшін ризашылығымыз білдіреміз. Біз бірлесіп, көп жұмыс атқардық. Дегенмен, уақыт бір орында тұрмайды. Қазір талай нәрсе өзгеруде. Алдымызда ауқымды міндеттер бар. Бүгінде еліміздегі барлық саланы түбегейлі монополиядан арылту аса маңызды. Осы үдерістен саяси жүйе де сырт қалмауы керек. Мемлекет басшысы ешбір партияға басымдық бермегені жөн, яғни саяси тұрғыдан бейтарап болуы керек. Бұл – менің айқын ұстанымым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Президенттің пікірінше, мұндай қағида сайлауға қатысатын барлық күштерге тең мүмкіндік туғызады. Саяси жүйеде әділдіктің орнауына жол ашады. Партия атқарушы билікке тәуелді болмаса, оған халықтың сенімі нығайып, белгі артады.

– Қазір ұйым Мәжілісте және мәслихаттарда едәуір басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан Үкімет пен әкімдіктердің жұмысына қатаң бақылау жасай алады. Президент партия қатарынан шыққанымен, ұйымның стратегиялық бағдары өзгермейді деп ойлаймын. «Аманат» еліміздің саяси өмірінде ерекше орны бар ұйым ретінде қала беретіні анық. Саясаттағы сабақтастық сақталып, партия ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев партияның төрағасы лауазымына Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты ұсынып, оған ұйымдастыру қабілеті жоғары, тәжірибелі әрі білікті азамат деп баға берді. Съезд делегаттары Президенттің ұсынысын қолдап, Ерлан Қошановтың кандидатурасына бір-ауыздан дауыс берді. Мемлекет басшысы бүгінгі өзгерістер «Аманат» партиясының заман талабына сай жаңара түсуіне жол ашатынына сенім білдірді.

– Қазір ұйым Мәжілісте және мәслихаттарда едәуір басымдыққа ие болып отыр. Сондықтан Үкімет пен әкімдіктердің жұмысына қатаң бақылау жасай алады. Президент партия қатарынан шыққанымен, ұйымның стратегиялық бағдары өзгермейді деп ойлаймын. «Аманат» еліміздің саяси өмірінде ерекше орны бар ұйым ретінде қала беретіні анық. Саясаттағы сабақтастық сақталып, партия ел игілігі үшін жасап жатқан жұмыстарын жалғастыра береді, – деді Мемлекет басшысы. Қасым-Жомарт Тоқаев партияның төрағасы лауазымына Парламент Мәжілісінің төрағасы Ерлан Қошановты ұсынып, оған ұйымдастыру қабілеті жоғары, тәжірибелі әрі білікті азамат деп баға берді. Съезд делегаттары Президенттің ұсынысын қолдап, Ерлан Қошановтың кандидатурасына бір-ауыздан дауыс берді. Мемлекет басшысы бүгінгі өзгерістер «Аманат» партиясының заман талабына сай жаңара түсуіне жол ашатынына сенім білдірді.

1-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Импортты алмастыратын 9 жоба



Сейсенбі күні ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен селекторлық жиында импортты алмастыру, орман және дала өртінің алдын алу мәселелері қаралды.

Отырысқа ведомство басшылары мен өңір әкімдері қатысты. Бірқатар министрлер мен облыс әкімдері баяндама жасады. Өткен жылы өңірде 118 млн доллар

көлемінде тауар өндірілген. Импортты алмастыруға бағытталған құны 207 млрд теңгені құрайтын 9 жоба іске асырылды.

Үкімет басшысы өңір әкімдіктеріне Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Ұлттық экономика министрліктерімен бірлесіп, импорт алмастыру жобаларын іске асыру үшін қажетті инфрақұрылымды уақытында жүргізіп беруді тапсырды. Сондай-ақ, өрт оқиғаларын болдырмау шараларын жүргізуді жіті бақылауға алуды міндеттеді.

Селекторлық жиыннан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала, аудан әкімдері мен салалық басқарма басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Облыс басшысы аймаққа сырттан инвестиция тарту арқылы жаңа жобаларды ашу және шағын өндірістерді дамыту қажет екенін алға тартты. Сондай-ақ, білім ошақтары мен әлеуметтік нысандарда, халық көп шоғырланатын орындарда өрт қауіпсіздігін мұқият бақылауға алуды тапсырды.

Елдік мүддеге еңбек – кадрлық саясаттың ұстанымы

Мәжілісте облыс әкімі жаңадан тағайындалған кадрларды атап өтті. Сонымен облыс әкімі аппаратының басшысы қызметіне Байманов Шахмардан Асқарұлы тағайындалды.

Шахмардан Асқарұлының есімі аймақ халқына жақсы таныс.

Қызылорда қаласында дүниеге келген, жоғары білімді қаржыгер, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Мемлекеттік саясаттың ұлттық мектебін саясаттанушы мамандығы бойынша тәмамдаған. Жастар саясатын жетік меңгерген.

2017-2019 жылдары Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болды. Сол жылдары облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық, әсіресе мәдени-рухани дамуы жолында абыройлы қызмет етті.

2019 жылдан осы кезге дейін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қызметтік даму министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары, төрағасы қызметін атқарып келді.

Шахмардан Асқарұлының бұл салада тәжірибесі мол, үлкен мектептерден өткен. Тек Қызылорда облысында ғана емес, Ақмола облысында және орталық мемлекеттік органдарда қызмет жасаған. Сондықтан, жаңа қызметінде де мол тәжірибесін, жастық жігер мен бар әлеуетін жұмсап, облыс әкімі аппаратының жұмысын дұрыс ұйымдастыруға және қоғаммен байланыстың дамуына жаңаша көзқарастың зор үлес қосады деп сенім білдіреміз, – деді облыс әкімі.

Келесі кезекте «Байқоңыр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасы қызметіне Ахатов Нұржан Сәбитұлы тағайындалды.

«Бұл қызметке басшы тағайындар алдында осы саланы жақсы білетін біраз азаматтармен ақылдасып, кеңестік.

Басқа да белгілі кәсіпкер азаматтарға басқарма төрағалығына келу туралы ұсыныс айттық.

Ойласа келе бұл қызметке Нұржан Сәбитұлын лайық деп таптық», – деді аймақ басшысы.

Аталған мекеменің міндеті – Қызылорда облысының жергілікті даму институты және негізгі қызметтерінің бірі мемлекеттік және жеке серіктестіктің негізінде өңірдің өркендеуіне ықпал ету. Сондай-ақ жеке кәсіпкерліктің дамуына барынша қолайлы жағдай тудыру, яғни қолда бар өндірістерді жаңарту және жаңаларын құру, инвестиция тарту мен үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыру.

Қызмет жолында Шиелі ауданы әкімінің орынбасары, облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бастығының орынбасары, Шиелі аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің бастығы, Қызылорда қаласы әкімі аппаратының басшысы, қала әкімінің орынбасары қызметтерін атқарса, қалалық мәслихат депутаты ретінде де қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына мол үлесін қосқан.

Нұржан Сәбитұлы бұл салаға бөтен емес. 2015-2017 жылдары «Байқоңыр» Әлеуметтік-кәсіпкерлік

1-бет

корпорациясы» акционерлік қоғамының басқарма төрағасының орынбасары қызметін атқарған.

Мемлекеттік қызметте де тәжірибесі мол және барлық сатысынан өткен.

Сондықтан саланы дамытуда үлкен жобаларды сәтті жүзеге асырады деген сенім білдіріліп отыр.

Облыс әкімі сондай-ақ, облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы лауазымына Төрәлиев Ерлан Кәрімбекұлы тағайындалғанын жеткізді.

Еңбек жолын Қызылорда қаласындағы «Фармация» акционерлік қоғамының экономист-менеджері болып бастаған Ерлан Кәрімбекұлы әр жылдары облыстық энергетика, құрылыс және тау-кен шаруашылығы басқармасының бас маманы, облыс әкімі аппаратында жауапты қызметтер атқарған.

Құрылыс саласының білікті маманы облыстық құрылыс басқармасы бастығының орынбасары, осы салаға жетекшілік ететін Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары, Қызылорда облысының құрылыс басқармасының бастығы қызметтерін атқарды.

Сондай-ақ, орталықта Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы комитетінің су және су бұру басқармасының басшысы, «Мемсараптама» республикалық мемлекеттік кәсіпорны бас директорының бірінші орынбасары, «Қазақстан тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы жаңғырту және дамыту орталығы» акционерлік қоғамы төрағасының орынбасары болып жұмыс жасады.

Осындай еңбек жолынан өткен Е.Төрәлиев өңірдің құрылыс және сәулетін жаңа деңгейге көтереді деген сенім бар.

Әлеуметтік мәселенің ауыр жүгін көтеретін облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына енді Жанабаев Ғабит Жұмабекұлы басшылық етеді.

Ғабит Жұмабекұлы Қазақстан экономика және құқық институтының түлегі.

Статистика саласында ысылған маман.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау, денсаулық сақтау басқармаларында жауапты қызметтер атқарған.

2012-2021 жылдары облыс әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, облыстық жұмылдыру дайындығы және қаржы басқармасында басшының орынбасары болды.

Осы кезге дейін Қызылорда қаласы әкімінің әлеуметтік салаға жауапты орынбасары ретінде қызмет атқарып келді.

«Қазіргі кезде өзекті мәселеге айналған әлеуметтік саланы ойсыратпай, жақсаруына аянбай еңбек етіп, түйткілдердің шешілуін бағыт көтеріп, іскерлік ұстанымын көрсетеді деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Ал облыстық мәдениет және спорт басқармасының басшысы қызметін енді аймақ жұртына жақсы таныс Рүстемов Руслан Рүстемұлы атқаратын болды.

Руслан Рүстемұлы мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен және қай қызметте болмасын өзін білікті басшы, мықты ұйымдастырушы, тәжірибелі тұлға ретінде көрсетіп келеді.



Бұған дейін Шиелі ауданы және Қызылорда қаласында әкімінің орынбасары болды. Облыстық тілдерді дамыту басқармасын, ішкі саясат басқармасын басқарған.

Облыс әкімінің орынбасары және Сырдария ауданының 2 мәрте Жаңақорған ауданының әкімі қызметін атқарған Руслан Рүстемұлы өңірдің мәдени-рухани өмірін өркендетуде құрылымдық өзгерістерге сәйкес қайта құрылған үлкен басқарманың жұмысын жандандыратын болады.

Сондай-ақ, мәжілісте Шамуратов Пакуатдин Сыражадинұлының облыстық жалаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына тағайындалғаны айтылды.

Пакуатдин Сыражадинұлы жастайынан мемлекеттік қызметтің ең жауапты деген жер, сәулет, құрылыс салаларында мол тәжірибе жинаған білікті маман. Тасбөгет кентінің әкімі, қалалық құрылыс бөлімінің басшысы және Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін де атқарды.

«Сол себепті де экономикамыздың күре тамыры саналатын саланың дамуына өзінің іскерлігі мен тәжірибесін қолданып, бар күш-жігерін аянбай жұмсайды деген сенім артып отырмыз», – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі алдағы уақытта да кадр саясатында басты ұстанымды ретінде аймақтың жан-жақты дамуы жолында аянбай еңбек ететін, шынайы жанашырлықпен халыққа қызмет қылатын білікті мамандарды қолдайтындығын жеткізді.

Басты талап – діндеген міндеттерді сапалы орындау үшін өзге өңірлердің де жағдайымен салыстырмалы түрде әрекет ету. Басқа аймақтардың үздік тәжірибелерін енгізе отырып, мемлекеттік бағдарламалар мен инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда орталық мемлекеттік органдармен тығыз байланыста жұмыс жүргізе алу. Сондай-ақ бір-бірінің көңіліне қарап қызмет қылатын емес, өз міндетін сапалы атқару жолында ақылға жүгініп, табандылық таныта білетін кадрларды тарту қажет.

Нұрлыбек Машбекұлының ендігі ұстанымы талай мемлекеттік қызметкерге сапалы әрі белсенді жұмыс жасауға қозғау салары сөзсіз.

Облыс әкімі кадр таңдауда жергілікті жерде сапалы жұмысымен көзге түскен, қызметтік сатылардан сүрінбей өткен және орталықта тәжірибе жинаған мамандарды басшылық қызметке тәрізделеу, нәтижесінде халықтың сенімі мен ықыласына бөленіп жатса өзі туған аумаққа әкім ретінде өсіріп жіберуге де дайын екендігін ашып айтты. Ол үшін, өңірлерге сапары барысында тек атқарылған жұмыстарды ғана емес, жергілікті кадрларды да басты назарында ұстайтындығын жасырмады.

– Жалпы кадр саясаты қоғамның қызу талқылайтын тақырыптарының бірі екені жасырын емес. Біз осы әрекетіміз арқылы ел арасында басы артық әңгіме тудыруды көздемейміз. Мақсатымыз – ел игілігі, халықтың қамы үшін барын салып жұмыс істейтін азаматтарды жаңа жұмысқа тарту, өңірдің әлеуетін арттыру. Алдағы уақытта бұл мәселеге баса назар аударамыз, – деді облыс басшысы.

Аймақ басшысы ауызашар берді

Қасиетті Рамазан айының Қадір түнінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың атынан ауызашар берілді. Орталық «Ақмешіт-Сырдария» мешітіндегі дәстүрлі дастарханға жамағатпен бірге имамдар, ақсақалдар мен ақ жаулықты аналар, зиялы қауым өкілдері және қала тұрғындары жиналды. Облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетов ауыз бекіткен жандарды Рамазан айымен құттықтап, аймақ басшысының лебізін жеткізді.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

– Қадірлі ағайын! Құрметті жамағат! Айлардың сұлтаны, ең қайырлысы Рамазан айы баршаңызға мұбәрәк болсын! Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының жайған дастарханна қош келдіңіздер! Күллі әлем мұсылмандары үшін айрықша орын алатын бұл ай исламның басты құндылықтары – жақсылық пен мейірімділікті, сауап пен имандылықты дәріптейді. Сондықтан әлемнің барша мұсылмандары бұл айға ерекше құрметпен қарап, Алла

разылығы үшін ауыз бекітіп, пітір садақаларын таратып, жетім-жесірге қолдау көрсетіп, игі амалдарды еселеуге асығады.

Барлығыңыз білесіздер, Тәуелсіздік алғалы ата дәстүр жанданып, салт-сана жаңғыруда. Алдағы уақытта Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, дәстүрлі дініміздің ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы, жастардың ұлт құндылықтарын бойына сіңіруі, ғылым-білім игеруімен қатар тәрбиелі болуы – біздің міндет. Ең бастысы, бүгінгі бейбіт өмірді қадірлеп, Тәуелсіздік тұғырын берік ұстауымыз қажет.

Қадірлі жерлестер, бұл

ауызашар рәсімін рухани байлығымызды жандандыруға арналған іс-шара деп қабылданды. Барлықтарыңыздың ізгі ниет-тілектеріңіз қабыл болсын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Сондай-ақ ауызашарда облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев пен бас имам Болатбек Әбуов жиналған көпшілікті құттықтап, ұстаған оразаның қабыл болуына тілектестік білдірді. Жамағатқа оразаның пайдасы мен ұстау қағидалары жөнінде, берілетін садақа, қайырымдылық іс-шаралары туралы айтты.

Отыз күн ораза – тәрбие мектебі. Ол адамдарды жақ-

сылыққа бастап, мейірімділікке баулиды. Бір-біріне деген қамқорлығын арттырады. Кейінгі жылдары мешіттерде күнделікті ауызашар беру дәстүрі қалыптасқан. Қайырымдылық іс-шаралары да жиі ұйымдастырылады. Бұл – ағайынның арасын жақындата түсетін, ата-бабамыз ұстанған салт-дәстүрімізге сіңген асыл дінді кенінен насихаттайтын амал.

Бүгінгі күні өңірдегі діни ахуалды тұрақты деп айтуға толық негіз бар. Тәуелсіздік алған жылдары аймақта 23 мешіт болса, қазіргі таңда 180-ге жуық мешіт халық бірлігін ұйыстыратын дәстүрлі рухани орталыққа айналып отыр.

1-бет

ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ҮЛКЕН

Серіктестік басшысының пікірінше, құс фабрикасын іске қосу биылғы жылға жоспарланған. Осы мақсатта еліміздің өзге өңірлерінде қызмет атқарған тәжірибелі мамандармен келісім жасалған. Олар кәсіпорынның жұмысын жүргізуге ынталы. Ал өндіріс іске қосылғаннан кейін жылына 1500 тонна құс еті шығарылады.

Облыс әкімі келесі кезекте аудан орталығы – Жосалы кенті маңында орналасқан балалар лагеріне аялдады. Жыл бойы жұмыс жасайтын нысанда әкімшілік корпус, медпункт, клуб, асхана, жатын орындарымен қамтылған корпус, спорттық ойын алаңдары балалардың демалысын сәтті өткізуге қолайлы қызмет жасайды.

Сондай-ақ, Жосалы кентінде өткен жылдың қазан айында іргетасы қаланған дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысында назарға алынды. Мұнда құрылыс жұмыстарының 70 процентке жуығы орындалған. Кешен құрылысын толық аяқтау үшін қосымша қаржы қажет.

Сапар барысында облыс басшысы аудан активінде жергілікті жұртшылықпен жүздесті. Оған облыстық мәслихат депутаттары, ардагерлер кеңесінің төрағасы



Экономика салаларына инвестиция тарту, салық базасын ұлғайту, саяси тұрақтылықты сақтау, жаңа жұмыс орындарын құру және кәсіпкерлік саласын дамыту сынды ауқымды жұмыс тұр.

– Қазіргі дағдарыс жағдайында бюджеттің әрбір

Арал ауданында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Өзбекстан Республикасының Сенаты Олий Мәжілісі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның екінші отырысы өтті. Оған Қазақстан мен Өзбекстан тараптарының Сенат төрағасының орынбасарлары, депутаттары, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі келді. Мәжілісте Арал мәселесін шешу және трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану жайы көтерілді. Алдағы уақытта қос мемлекет тарабы іс-шаралар жоспарын қабылдайды, – деді облыс әкімі.

Жиын соңында Жосалы кентінің жергілікті қоғамдастық төрағасы Аскар Мерекоев, облыстық мәслихат депутаты, ақын Шәкізада Әбдікәрімов елді бірлікке шақырды. Қоғам белсендісі Қуаныш Төреев еліміздегі қоғамдық бірлестіктердің жұмысы туралы айтты. Ақай ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсылық Қыпшақбайұлы бата берді.

Облыс әкімінің жұмыс сапары Сырдария ауданында жалғасты.

Алғашқы аялдаған ны-

сан – Ақжарма ауылындағы «Ақжарма және К» шаруа қожалығының күріш ақтау цехы. Өндіріс орны 2014 жылы шаруашылықтың өз қаражаты есебінен салынған. Жоба құны – 62 млн теңге. Цехта тәулігіне 60 тонна күріш ақталады, 15 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Аймақ басшысы шаруа қожалығының мамандарына арналып салынған тұрғын үй құрылысымен де танысты. Әрбір үйге 10 млн теңге шамасында қаржы жұмсалған. Шаруа қожалығы ауыл экономикасының дамуына жоспарлы қолдау көрсетіп келеді.

Мұнан кейін Тереңөзек кентінде аудан активі өтті.

– Сұлу Сырдың бойында орналасқан Сырдария ауданы ақ күрішімен және оның маңайын мекендеген халықтың тыныс-тіршілігімен ерекшеленеді, – деді облыс әкімі жиындағы сөзінде. – Киелі топырағында Аскар Токмағамбетов, Әбділла Тәжібаев, Қалтай Мұхамеджанов, Нағи Илиясов сынды даңқты тұлғалар туып-өскен. Облыстағы алғашқы Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев Нағи Илиясов ауы-

лының өсіп-өркендеуіне үлкен үлес қосты. Бұл елді мекен Қазақстандағы алдыңғы қатарлы ауылдар сапында. Сырдария ауданы ауыл шаруашылығында әрдайым озық көрсеткішімен көзге түсіп келеді. Бұл жергілікті халықтың еңбексүйгіштігі, ауызбірлігінің еселі жемісі деп білемін. Халық өздерінің дәстүрлі мал және егін шаруашылығымен айналысып, ата-кәсіптен айнымай тіршілік етуде. Өткен жылы су тапшылығына қарамастан диқан-дар жақсы нәтиже көрсетті. Биыл да жоғары жетістікке жетуге жұмыс жасау қажет.

Жүздесуде су тапшылығы жағдайы, осы ретте суды аз қажет ететін дақылдар көлемін арттыру мәселесі де айтылды. Биыл ауданда каналдар бойына орналастырылған 44 насос қондырғысы арқылы егінге су алынады. Ендігі жерде олардың қатарын көбейтіп, вегетациялық кезеңде шаруашылықтар үшін көмек қолын созу үлкен міндет болмақ.

– Өздеріңізге белгілі, қазір елде дағдарысқа қарсы кешенді шаралар қабылданып, экономикада, әлеуметтік салада және ауыл шаруашылығында бірнеше ауқымды бағдарламалар іске асуда. Аймақ экономикасын дамытуда атқаратын шаралар легі жетерлік. Әр ауданда шұғыл шешуді қажет ететін мәселелер де баршылық. Әрине, бүкіл проблеманы бір мезетте шешу мүмкін емес. Барлығы бюджетіміздің мүмкіндігіне қарай екенін жақсы білесіздер. Әрбір ұсыныс-пікір міндетті түрде ескеріледі, – деді облыс басшысы.

Сондай-ақ кейінгі жылдарда облыста белең алған жер дауына байланысты ой қозғады. Бұл ретте әрбір ауылда егін өсірумен айналысатын шаруашылық басшылары үлескерлердің мүддесін ескере отырып жұмыс жасауы тиіс.

– Жыл басында шаруашылық басшылары үлескерлерді жоспарымен хабарлар етуі керек. Биыл не істейді? Қандай жобалар бар? Қанша гектарға күріш егіледі? Оған қанша шығын кетеді? Қанша өнім алу жоспарланып отыр? Осындай мәселелермен үлескерлерді таныстыру керек. Бұл жөнінде оларға айтып жүрмін. Бұған дейін кейбірімен сөйлестім. Осындай проблема Сырдария ауданында

да кездеседі. Бұл мәселеде ашықтық керек. Жылдың соңында шаруашылық басшылары тағы да елдің алдында есеп беруі тиіс. Сонда қазіргідей түсінбеушілік болмайды, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Аймақты газдандыру мәселесі де сөз болды. Облыс халқын көгілдір отынмен қамтамасыз етуде тиісті іс-шаралар атқарылып жатыр. Дегенмен, әлі де көңіл көншітерілік емес. Бозойдан бастау алған газ құбыры облыстың барлық ауданының үстінен өтеді. Өкінішке орай, елді мекендерді газдандыру әлі де мардымсыз. Бұл жөнінен Атырау, Ақтөбе, Түркістан облыстары озық тұр. Аталған өңірлерде халықтың басым бөлігі көгілдір отынға қол жеткізген.

– Сырдария өзеніндегі су деңгейінің төмендігі өзекті мәселеге айналып отыр. Қырғыз жеріндегі «Токтағұл» су қоймасы 19 млрд текше метр су жинауға лайықталған. Қазір онда бар-жоғы 8 млрд текше метр су бар. Ал өз еліміздегі «Шардар» қоймасында 5 млрд текше метр су болса, «Көксарай» су реттегішінде 700 млн текше метрді шамалайды. Біз биыл облысқа бөлінген лимитті алуға күш саламыз. Бұл мәселе Үкімет басшысының назарында, – деді облыс әкімі.

Жиында еңбек ардагерлері Ибрагим Әбдуллаев, Алмағұл Божанова, «Мәді қажы» ЖШС директоры Сейіткамал Сұлтанов агроөнеркәсіпті дамыту жөнінде ұсыныс-пікірін жеткізді. Ғасыр жасаған майдангер Яхия Тасыров халыққа ақ батасын арнады.

Облыс әкімі мұнан кейін Тереңөзек кентіндегі орталық стадион жұмысын көрді. Аумағы 656 шаршы метрді құрайтын орталық стадион өткен жылдың желтоқсан айында толықтай пайдалануға берілген. Сондай-ақ, енді аталған аумақта №11 Сырдария ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жаттығу және стритбол алаңы игілікке айналады.

Аймақ басшысы мердігер компания басшысына құрылыс жұмыстарын сапалы жүргізуді әрі уақытылы аяқтауды тапсырды. Жас спортшылардың алға қойған мақсаттарына жетуіне тілек білдірді.

Сырдария ауданындағы жұмыс сапарында облыс әкімі Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиев және зиялы қауым өкілдерімен бірге Н.Илиясов ауылына барып, еңбек ардагерлерімен кездесті. Елді ауызбірлікке үндеп жүрген ақсақал Төрбек Жұмабеков пен қоғамдық кеңес төрағасы Дархан Ералиев жанашыр азаматтардың еңбегін ерекше атап өтіп, облыс әкіміне сәттілік тіледі.

Аймақ басшысы жасаған ауылдағы спорт кешені, орталық аллея және музейді аралап көрді.

Айта кетейін, ауылды көркейту-қоғаландыру және абақтандыру шараларына «Абзал және К» толық серіктестігі демеушілік жасайды. Мұнда 20 мың шаршы метр аумаққа Канн, Петунья, Авалон, Катаритус, Пеларгония гүлдері егілген. Ауылдық округте орналасқан 12 көше бойына 12800 түп ағаш егіліп, күтімге алынған. Олардың бабы мен тазалық жұмыстарына 30 адам жұмысқа тартылған.



және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аудан әкімі Әділбек Ерсұлтанов негізгі атқарылып жатқан жұмыстар барысымен таныстырды. Мұнан кейін облыс басшысы Қармақшы ауданы бойынша алда тұрған міндеттер мен тың жобаларға назар аудару қажеттігін ескертті.

– Бұл қасиетті мекеннің қазақ халқы үшін ғана емес, барша түркі жұрты үшін де орны ерекше екені рас. Қармақшының тарихына зер салсақ, Жетіасарды, қасиетті Қорқыт бабадан бастау алған Марал ишан, Ер Сейтпембет әулиелерді, «Жүз шайыр елі» атандырған Балқы Базар, Ешанияз сал, Тұрмағамбет секілді ақын-жырауларды тілге тиек етеміз. Әйгілі Қарақұм мен Қызылқұмды жалғастырып жатқан жерде адамзат баласын ғарышпен байланыстырған Байқоңырдан талай азамат аспан әлеміне сапарлауда. Осындай ерекшеліктері мол Қармақшы жерінің берекесін кіргізіп, ауызбіршілігін арттыруда әр азаматқа зор жауапкершілік жүктелері сөзсіз, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Сондай-ақ, қазіргі таңда халықтың жағдайын жақсарту жолында үлкен міндеттер тұрғанын атап өтті. Ауданда ширататын шаруа аз емес.

тиын есептеулі. Демек, бюджеттен бөлінген қаражатты мерзімінде және толық игеріп, жобалардың сапалы жүзеге асуы мұқият қадағаланады. Индустриаландыруда, шағын және орта бизнесті дамытуда әлі де артта қалушылық бар. Қазір «Қызылорда облысы әкімінің 2022 жылға арналған іс-қимыл жоспары» әзірленуде. Жоспарға бірінші кезекте шешуді қажет ететін мәселелер енгізіледі. Негізгі бағыт – халықтың әл-ауқатын көтеру, жаңа тұрақты жұмыс орындарын ашу. Өңірдегі әр ауылдың мүмкіндіктерін ескеріп, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қажет. Әрбір ауданда өнім өндіретін шағын кәсіпорындар санын көбейтуге көңіл бөлуіміз тиіс, – деді облыс әкімі.

Осы орайда аудан басшылығына өңірдегі барлық қаржы институттарымен белсенді жұмыс жүргізіп, ынталы азаматтарға қолдау көрсету міндеттелді.

Облыс әкімі жиында дәстүрлі күріш егісіне кейінгі жылдары су тапшылығынан қиындық туындағанын, әйтсе де басты дақылдың көлемін мейлінше қысқартпауға назар аударылатынын жеткізді.

– Мемлекет басшысының қабылдауында болғанда су тапшылығы мәселесін баяндаған өдім. Өзекті жайт Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр. Өткен аптада



Суреттерді түсірген Басым ЕСК:ИИОВ





Өткен жылы облыс әкімдігі мен облыстық ҰЕҰ-ның альянсы арасында «15» экологиялық ҰЕҰ клубы жобасын жүзеге асыру үшін әлеуметтік ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған. Меморандум аясында «Достық үйінде» «Қызылорда облысындағы экологиялық бағыттағы ҰЕҰ-ның әлеуетін арттыру арқылы әлеуметтік диалогты ұйымдастыру: жоспар мен нәтиже» тақырыбында қорытынды конференция өтті. Конференцияға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова қатысты.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

Экологиялық міндеттемелердің орындалуы маңызды

ҰЕҰ өкілдері жиылған іс-шарада облыстағы бірқатар экологиялық мәселелер талқыланып, шешу жолдары қарастырылды. Бүгінде мұндай проблемалардың шешілуіне үкіметтік емес ұйымдардың ықпалы бар.

Өздеріңіз білетіндей Сыр өңірі континенталды аймақта орналасқан. Негізгі бөлігі Тұран ойпатында. Шығысында Қаратау, солтүстік батысында Арал, оңтүстік батысында Қызылқұм орналасқан. Бізде Арал теңізінің тартылуына байланысты күрделі экологиялық ахуал қалыптасқан. Сол себепті тұрғындардың салауатты өмір салты тұрақталған ортада өмір сүруіне және облыста таза экологиялық орта қалыптастыруға жағдай жасау – біздің негізгі бағыттарымыздың бірі. Осы жоба аясында бірлескен түрде жұмыс істейміз деп сенемін, – деді М.Қазбекова.

Жоба облыстық ҰЕҰ-ның альянсы ассоциациясы «Еуразия» қоры өкілдігін қайтарымсыз көмек бағдарламасы аясында АҚШ Халықаралық Даму Агенттігінің (USAID) қаржыландыруымен ұйымдастырылды. Клубқа экологиялық бағыттағы жұмыста тәжірибесі және әзірленген бастамалары, жобалық ұсыныстары бар үкіметтік емес ұйымдар кірді.

Өңірде бірқатар экологиялық мәселелер ҰЕҰ-мен бірлесіп жұмыс істеу нәтижесінде оң шешімін табуда. Іс-шарада ассоциация төрағасы Анар Ізден экологиялық клуб жұмысын ұйымдастыру стратегиясына, атқарылған жұмыстарға кеңінен тоқталды.

Сонымен қатар «Арал теңізі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Айнақұл Баймаханова, «Ұлт бірлігі – Қармақшы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Шегебай Құндақбаев, «Қы-

зылорда облысы әйелдер ақпарат орталығы» қоғамдық бірлестігінің президенті Айымхан Молдахметова және облыстық экология департаментінің бөлім басшысы Қайсар Бектібаев баяндама жасады.

Жұмыс жоспарына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстар тізіміне енгізу үшін экологиялық жобаларды әзірлеу, ҰЕҰ жетекшілерінің арасынан аудиторларды оқыту, шағын және орта бизнестің экологиялық міндеттемелерін орындауы бақылауға алынды. Сондай-ақ, 1000 мемлекеттік қызметші арасында экологиялық бағдарламалар бойынша біліктілігі мен құзыреттілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Аймақтағы экологиялық ҰЕҰ-ның танымалдығы мен маңыздылығын арттыру және «15» экологиялық бейресми клубын құру арқылы олардың жұмысына көмек көрсетілді. Облыстағы 12 шағын және орта кәсіпкерліктің экологиялық міндеттемелерін орындауына мониторинг жүргізіліп, www.prokzo.kz веб-сайтында экологиялық парақша ашу арқылы БАҚ-пен ынтымақтастық орнату басты назарға алынды.

Конференция соңында ҰЕҰ-ның экологиялық бағыттағы жобаларына қолдау көрсету, «Экомектеп» шарасын жандандыру, ағынды суларды тазартып, аяқсу мәселесін шешу, мектептер мен балабақшаларда экологиялық сабақтар санын көбейту, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, оған ҰЕҰ мүшелерін тарту және экологиялық бағытта тәлімгер-тренерлерді қолдануға халықаралық бағдарламалар бойынша оқытудың нақты шараларын қабылдау сұынды ұсыныстар айтылып, шешу жолдары талқыланды.

Зейнетақы жинағы көмекке келді

2021 жыл отандық жылжымайтын мүлік нарығы күрт көтерілген кезең болды. Сатып алу көрсеткіші де, үй бағасы да өсті. Оған зейнетақы жинақтаушы қорынан қаржы алуға мүмкіндік берілуінің әсер еткені анық. Нәтижесінде 2022 жыл басында тұрғын үй алуға берілген несие көлемі 3,3 трлн теңгеден асты. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 1 трлн теңгеге артық. Ал кейінгі он жылдағы өсім 2,6 трлн теңгені құрады. Жинақтаушы зейнетақы қорынан қаржы алу бастамасы жылжымайтын мүлік нарығына қозғау салғаны белгілі.

Аталған бастаманың арқасында тұрғын үйге сұраныс артықшылық байқаған құрылысшылар мен тұрғын үй иелері бағаны көтеріп жіберді. Енді зейнетақы қорынан ақша

Инвестиция: екі проблема – бір шешім

Құрылыс секторы – ұлттық экономиканың басым бағыттарының бірі. Оны ынталандыру мақсатында елімізде 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы жүзеге асырылуда, еркін экономикалық аймақтар ашылып, қызметтерді цифрландыру жүйелері енгізіліп жатыр. Өткен жылы еліміздің ЖІӨ-де құрылыс саласының үлесі 6,25% шамасында болып, 4,6 трлн теңгені құрылыс жұмыстары жүргізді. Бұл 2020 жылғы көрсеткіштен 6,2%-ке артық.

Былтыр құрылыс секторының негізгі капиталына салынған инвестиция көлемі 2020 жылмен салыстырғанда 2,2 есе өсіп, 155,4 млрд теңгені құрады. Құрылыс секторының негізгі капиталына инвестицияның басым бөлігі қа-

Оның ішінде 215 мың – көпбалалы отбасы, I және II топтағы мүгедек, жетім балалар және мүгедек баласы бар отбасылар. Одан бөлек, баспана кезегінде тұрған 70 мың азамат табысы төмен санатқа жатады. Осы аталған санаттағы азаматтарға мемлекет тұрғын үй жалдауға субсидия береді.

Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Алмас Ыдырысовтың мәліметінше, жалға берілетін пәтер ақысының 50%-н мемлекет көтереді, қалғанын азаматтың өзі төлейді. Бұл бағдарлама үшін мемлекеттік бюджеттен 50 млрд теңге қарастырылған. Аталған соманың 40 млрд теңгесі республикалық бюджеттен бөлінеді, қалған 10 млрд теңге жергілікті бюджеттен беріледі. Жалға берілетін тұрғын үйге субсидия алуға өтінімді «Отбасы банк» АҚ қабылдауды бастап кетті. Ол үшін цифрлық платформа әзірленді. «Отбасы банк» АҚ басты оператор ретінде баспанаға мұқтаж отбасыларды анықтайды және олардың табысын тексереді. Бүгінде азаматтардың өтінім қабылданып жатыр. Субсидиялау бағдарламасының 17 мың қатысушысы «Отбасы банк» АҚ-нан өтінім беру процесін тестілеуге қатысу туралы SMS-шақырту алды. Сәуір айының ішінде олар онлайн режимде өтінім тапсырып, банк мақұлдауын алуы қажет. Бюджеттен қаржыландыру мамыр айында күтілуде. Жана бағдарлама шамамен 70 мың адамды қамтымақ, олар жалдау ақысының 50%-н алады. Қысқа мерзімде, кезексіз өтінім беру үшін бүкіл процес онлайн режиміне аударылған.

Болжам қандай?

Елімізде тұрғын үйлерді сатып алуды жеңілдететін бағдарламалар жұмыс істеуде, барлық процесстер цифрландырылуда, құрылысшылар жаңа үйлерді пайдалануға беруде, БЗЖК салымшыларының белсенділігі қалыпты жағдайға түсіп келеді. Әйтсе де тұрғын үйлердің шаршы метрінің бағасы түсер емес. Қаңтар айында жаңа үйлер бағасы 2,1%-ке, ескі үйлер бағасы 2,8%-ке өсті. I сәуірден бастап 2022 жылға есептелген зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткіліктілік шегі күшіне енді. Дегенмен, сарапшылар алдағы екі айда баспана бағасы қымбаттамайды деген болжамдарын айтады.

Құрылысшылар қауымдастығының басшысы Виктор Микрюковтің пікірін келтіре кетелік. «Жалпы тұрғын үй нарығында ахуал оңалып келеді. Доллар бағамының төмендеуі жағдайға да құбылмай, айтарлықтай тұрақты деңгейде сақталуы нарыққа жағымды әсер етіп жатыр. Сондықтан біз дәл қазір баспана бағасы өспейді деп айта аламыз. Құрылыс материалдарының бағасы төмендей бастады. Бұл – әрине, қуантарлық жаңалық. Құрылыс компаниялары баспана бағасын түсіре бастады. Өйткені, кейбір болжамдар нақты тәуекелден артық есептеліп, баға қажетті деңгейден тым артық көтеріліп кеткен болатын» деген қауымдастық басшысы алдағы екі айда баспана бағасы қымбаттамайды деген болжамын айтты.

Біріккен риелторлар қауымдастығы президентінің кеңесшісі Нина Лукьяненко баспана нарығында баға қашан тұрақтанатыны туралы пайымын жеткізді. «Бәрі келешекте мемлекет жылжымайтын мүлік саласына қандай қолдау көрсететініне байланысты. Әлем экономикасында болып жатқан жайттар Қазақстанға қалай әсер ететіні де маңызды. Күтпеген тосын жайттар болмаса, баға тұрақтануы керек. Дегенмен баға күрт түсетіндей алғышарттар жоқ, болмайтын да шығар».

Сонымен тұрғын үй нарығында баға тұрақтылығы күтілуде. Бірақ, инфляцияның өсуі мен адамдардың жинаған ақшаларының құнсызданып кетуі көңілді жайландырмасы белгілі.

Сыр елінде Тәуелсіздік алған жылдардан бастап 2021 жылдың соңына дейін 7 млн 527 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілгені атап өткіміз келеді. Егемендік алған 30 жылда облыста мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде 443 көпқабатты тұрғын үй пайдалануға беріліп, 9960 отбасы баспаналы болды. Ал облыс орталығында мемлекеттік бағдарламалар аясында жанадан 16 шағын аудан ашылып, бес тұрғын үй кешені салынды. Бұл көрсеткіш 1991 жылмен салыстырғанда 2,3 есеге артық.

Жыл сайын тұрғын үй құрылысына қыруар қаржы бөлініп, жүздеген отбасы баспаналы болуда. Өткен жылы облыста барлық қаржыландыру есебінен 644,7 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл – 2408 пәтерді құрайтын 110 тұрғын үй. Құрылысқа мемлекеттік бюджет есебінен 13,4 млрд теңге қаржы жұмсалды. Биыл тұрғын үйлерді пайдалануға беру индикаторы 683 мың шаршы метр болуы бекітілді. Тұрғын үй кезегінде тұрғандар саны 32 мыңға жуықтаса, оның ішінде Қызылорда қаласында кезекте тұрғандар саны 26 мыңды шамалайды. Осы көрсеткіштердің өзі аймақта тұрғын үй қорының жеткіліксіздігін білдіреді. Демек, бұл бағытта жұмыс қарқынды үдете түсу қажет.

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫН НЕ КҮТІП ТҰР?



алудың жаңа шектеулерінен кейін баға өсімі тұрақталады деп күтілген болатын.

БЗЖК-дан ақша алу қарбаласы кезеңінде салымшылар баспана жағдайын жақсарту үшін 2,5 трлн теңге ақша алған. Қор мәліметі бойынша 2022 жылдың I ақпанына дейінгі уақытта баспана мәселесі бойынша 781,7 мың өтінім орындалыпты. Жаңа шекті мөлшер енгізілетін болғандықтан қазақстандықтар үйлерді қымбаттағанына қарамастан сатып алып жатты.

Жалпы 2021 жылы ел азаматтары жылжымайтын мүлік сату бойынша 606 мыңдай келісім-шарт жасасқан. Бұл 2020 жыл көрсеткішінен 96,8%-ке артық. Тек желтоқсан айының өзінде 95 мың келісім-шарт тіркелген. Жыл көлемінде ел тұрғындары 75,5 мың пәтер және 19,5 мың үй сатып алды.

Баға неге арзандамайды?

Салынып жатқан үйлер жеткілікті болмағандықтан кейін тұрғындар қайталама нарықтағы үйлерді сатып алуға бағыт ұстайды, ал олардың иелері жасанды түрде бағаны көтереді. Баға төмендейді деген үміт жоқ.

Біріншіден, сұраныс көп. «7-20-25» бағдарламасы биыл аяқталуы мүмкін. Тұрғындар зейнетақы қорындағы қаржысы жеткілікті мөлшер шегінен артса, пайдалануға тырысатын болады. Алайда, өткен жылғы қарбаластан кейін ұсыныс азайып отыр. Салынып жатқан үйлердің көпшілігі құрылысы бітпей жатып сатылып кетті.

Қайталама нарықтағы тұрғын үйлерге деген сұраныс та жоғары болып тұр. Бұл бағытта «Отбасы банк» бағдарламасы жұмыс істеуде. Тұрғын үй бағасының жартысын жинай алса жеткілікті.

Екіншіден, тұрғын үй дефициті жоғары. Бұл – бағаның түспеуіне әсер етіп тұрған негізгі факторлардың бірі.

Үшіншіден, құрылыс материалдарының басым бөлігі импорттың үлесіне тиеді. Қазақстандық кәсіпорындар өнімдері ішкі рынокты жабуға қауқарсыз. Кейбір құрылыс материалдары бойынша импорт көлемі 80%-тен асып отыр. Мәселен, шыны тольғымен шетелден жеткізіледі. Сөз жоқ, бұл жағдайдың экономикаға тигізетін кері әсері жеткілікті, өйткені импорт үлесінің жоғары болуы – елдің сауда балансына, бизнеске, тұрғындарға және ұлттық валютамызға қосымша ауырталдық.

Тағылымды тәрбие мектебі

Облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті I пленумы өтті. Онда Мемлекет басшысының бйлығы Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын тапсырмалар мен міндеттер, республикалық ардагерлер ұйымының VIII съезінің шешімдерінің орындалу барысы, облыстық ардагерлер ұйымының атқарған жұмысы жайлы мәселелер қаралды. Бірінші мәселе бойынша облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев баяндама жасады.

– Біздің облыс алғашқылардың бірі болып ардагерлер кеңесін құрған. Биыл ардагерлер ұйымына 35 жыл толып отыр. Олар – елдің ұйытқысы, көшбасшысы. Бүгінде облыстық ардагерлер ұйымының әрбір мүшесі – тәуелсіздік алған жылдары жауапты қызметте болған тұлғалар. Аймағымыздың өсіп-өркендеуі жолында сүбелі үлес қосты, кейінгілерге тағылымды тәрбие берді, рухани азық болатын үлкен мектеп қалыптастырды, – деді ол.

Күн тәртібінде «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің 35 жылдығына орай өткізілетін іс-шаралар жоспары туралы облыстық ардагерлер кеңесінің төраға кеңесшісі Мақсұт Бақеев хабарлама жасады. Мерекелік іс-шара маусым айында өтетін салтанатты облыстық форумнан бастау алып, ардагерлер арасындағы облыстық көркемөнерпаздар байқауымен жалғаспақ. Мерейтой жоспарын бекі-

туге пленум мүшелері бірауыздан келісім берді.

Пленумда ардагерлер кеңесінің төраға орынбасары Күлай Ермағанбетованың басқа қызметке ауысуына байланысты оның орнына және алқа мүшелігіне Өмірбек Шәменов ұсынылды. Аталған ұсыныстар облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті пленумында бекітіліп, қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

Ардагерлер ұйымы алдағы уақытта бастауыш ұйымдарының жүйелік құрылымдарын жетілдіру мен олардың белсенділігін арттыру, саяси тұрақтылықты сақтау, карт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бағыттары бойынша жұмыстарды жалғастыра бермек.

ТАҒЫМ

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Өмірдің тосын сыйы таусылған ба, сірә? «Жүре берсең, көре бересің» деген сөзді атам қазақ бекер айтпаса керек-ті. Осынау қым-қуат тірліктің сап тарау сүрлеулерінде ала-құлақ атқа мінгіп, арман-мұратыңды аңсап, ағындап жүргенде талай жандармен жолын түйсесің. Жүрегің кірі жоқ жайсаң жандармен тұрсаңсың, табаның бұршақ жөп пенделерден суықсың. Арқасы қорған ағаларды ардақтан, ізегі бөлек інілерге ардақталасың. Осындай жайсаң жапың, тұмысы бөлек тұлғалардың бірі де бірегейі Сейітжан аға Досжанов болатын.



бас директорының орынбасары қызметіне тағайындалса, 1965 жылы бас директор лауазымын иеленеді. Кезінде Кеңестер Одағында ас тұзын өндіретін бар-жоғы екі гана комбинат – бірі Ресейде, енді бірі осы «Аралтұз» комбинаты болатын. Осы комбинатқа табаны күрестей 20 жыл бойы басшылық жасап, оның атын елімізге гана емес, Одақта танымал еткен Сәкеннің ғиділеті істерін әлі күнге дейін аралдықтар аңыз ғып айтумен жүр.

Саралап айтар болсақ, Сәкеннің партия комитетінің бірінші хатшысы Ә.Тыныбаев, Қазала аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Е.Қошербаев, Арал аудандық атқару комитетінің төрағасы Ә.Медетбаев, Қызылорда темір жол саласының басшысы О.Жанәділовтермен (суретте) бірге қатасыу сарайған тарих парактарына алтын әрпінен жазылып та қалған.



Содан оңға қарай: Орынбай Жанәділов, Елеу Қошербаев, Әубәкір Тыныбаев, Сейітжан Досжанов, Әуелбек Медетбаев

Сейітжан ағамыздың «Аралтұз» комбинатында атқарған қыруар жұмысының басын аяқтағандықтан, 1996 жылы зейнет демалысына шығады. Қауқары қайтпаған ағамыз қол қусырғып қарап отыруды қаламайды. Бұл өмірден өткенше Арал балаларын құтқару қоры – «Шапағатқа» басшылық жасап, экология қасіретіне шалдыққан дарғақамқор қолын созумен ғұмыр кешті.

Иә, атам қазақ «Қосағымен қоса ағар» деген ғой. Жаратқан мен Сейітжан ағамызға 1957 жылы Нұрмаханова Мария есімді жаны жайсаң жұл беріп, шұақты шаңырақтарын көтереді. Мария жеңешеміз де текті әулеттің тұяғы болатын. Содан да қос қайың арасындағы шынайы махаббат, сый-ластық, сенім мен сезім көпшілікке үлгі болатындай-ақ деп ел-халық тамсанатын. Алматыдағы қазақ педагогикалық институтынан дәріс алған, ұлағатты ұстаздықты үлгі етіп, «Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі» атағын иеленген Мария жеңешеміздің ошағында қайнап жатқан қазан арыймайтын, дәмге толы ақ дастархан жиналмайтын. Жеңешеміздің аялы алақанымен даярлаған астың дәмін татпағандар кемде-кем болар.

65 жыл отасқан Сейітжан ағамыз бен Мария жеңешеміз бұл өмірге төрт ер бала мен екі қыз баланы әкеліп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, қызықтарына кенелді. Текті тұлғалармен құдаланды-жекет болып, қанаттарын кеңге жайды. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп атам қазақ айтқандай, балаларының бәрі дерлік жоғары білім алып, сан ауан салаларда қалтқысыз қызмет жасады. Саралап айтар болсақ, Гулнар мен Әлілгерей – қаржыгер, Бауыржан, Айгүл мен Бейбіткер құқық қорғау саласында еңбек етсе, кенжелері Бекнұр бүгінде Алматы қалалық әкімдігінде жауапты қызметте жүр. Осы ұл-қыздарының отызға жуық немере-шөбере сүйсе, немеренің үлкендері Қайрат Астанадағы шет елді компанияда басшылық болса, шөбере үлкені Саги Астанадағы Назарбаев мектебінде білім алуға. «Орында бар оналар» демекші, Досжановтар әулетіне біткен өмір мен қасиет, кісілік пен шікілік, пайымдылық пен парасат ұрпақтан ұрпаққа жалғасын таба береріне бек сенімдеміз.

Иә, өмір деген осы. Сексен тоғыз жастың сенірген шығып, артында өлмейтұғын іс пен өшпейтұғын із қалдырып, ғибратты ғұмыр кешкен Сейітжан ағамыз 2021 жылы бұл өмірден озып, Алматының «Кенсай-2» қорымына қоныс тепті. Жатқан жері жайлы болсын.

Сөз соңында көп көкейінде жүрген бір ұтымды ұсынысты айтпаса болмас. Біз жасал адамдардың, олардың елінің кемел келешегі үшін жасап кеткен істерін ұлықтап, ұрпақтарға үлгі етуге келгенде құлықсызбыз. Сейітжан Досжановтың ардақты аға, абзал азаматтың жарпақ құлағы жастыққа тиімдей жүріп атқарған қаншама істерінің бүгін жемісін жеп, игілігін көріп отырмыз. Сонындай абзал жаңға өзі туып-өсіп, тер төккен елді мекен, яғни қандай орталығынан көше атауын берген аудандық габиевтер болар еді.

Туған топырағы үшін қанатымен су сүйсе, «Арал ауданының құрметті азаматы» атағын иеленіп, ғибратты ғұмыр кешкен Сейітжан аға Досжанов есімін ұрпақтарға ұлағат ету – біздің өтөлмеген парызымыз.

Еркін ӘБІЛ, жазушы-журналист, Арал ауданының құрметті азаматы

28 СӘУІР – ДҮНИЕЖҰЗІЛІК ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ КҮНІ

Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) 28 сәуірді Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні деп жариялаған. Бұл күн әлемнің барлық елдерінде атап өтіледі және жұмысшылардың қауіпсіздігін бақылау қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Жұмыста қайтыс болған, жарақат алған немесе кәсіби аурулары бар адамдарды еске алады.

Еңбек қауіпсіздігін елемеуге болмайды

Қазақстан Республикасы – 1993 жылдан бастап ХЕҰ-ның мүшесі. Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні 2005 жылдан бастап атап өтіледі. Бұл акция жұмыс берушілердің, қызметкерлердің, жұртшылықтың назарын еңбекті қорғаудың шешілмеген проблемаларына аудару үшін өткізіледі.

Бұл күні өндірісте зардап шеккен қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі шараларды сақтауға шақырып, еңбек мәдениеті насихатталады.

Еліміздің Конституциясының 24-бабы 2-тармағында «Әркімнің қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін еңбек жағдайына, еңбегі үшін қандай да бір кемсітуді сыйақы алуға құқығы бар» делінген.

Адам – ең құнды ресурс, сондықтан адам өмірін сақтау және қамқорлық барлық меншік түріндегі кәсіпорындар мен ұйымдардың жұмыс берушілерінің (басшыларының) басты міндеті. Осы бағытта еңбек қауіпсіздігі мен оны қорғаудың бағдарламалары бар. Облыс аумағында Үкімет қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасында қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етудің 2025 жылға дейінгі іс-қимыл жоспарын» жүзеге асыру үшін тиісті іс-шаралар жүргізілуде.

Атап айтқанда, «Қауіпсіз еңбек» ақпараттық науқаны аясында облыстағы жазатайым оқиғаларға жүргізілген тағдыр нәтижесімен өндірістік жарақаттану бойынша тәуекел дәрежесі жоғары деп танылған 27 кәсіпорында

Т.ЖОЛЫМБЕТОВ, облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Халқымызда «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген даналық сөз бар.

Осы ретте облыстық мәслихат депутаты, «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» Рәсул Есеновтің демеушілігімен Асқар Тоқмағамбетов ауылына бара жатқан үлкен жолдың сол жақ қапталында орналасқан «Бөрт» қорымында жерленген әруақтардың рухына Құран бағыштап, дұға жасау мақсатында ас беріледі деп жоспарланды. Құдайы-ас А.Тоқмағамбетов ауылындағы мешіттің асханасында беріледі.

Теренөзек кенті тұрғындары үшін 06.05.2022 жылғы 10.00-де, Қызылорда қаласынан келетін жұртшылыққа осы күні сағат 12.00-де дастархан жайылады. «Бөрт» қорымында жерленген әруақтардың рухына Құран бағыштап, дұға жасауға шақырамыз.

Ұйымдастыру кенесі

Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Құқықтық ақпараттық қызметі халыққа құқықтық мәселелер, онымен қоса мемлекеттік қызмет көрсету бойынша тегін консультациялық қызмет көрсетіп, қолданыстағы заңнаманы түсіндіру бойынша көмек көрсетеді.

Қызметкерлер көптеген заңнамалық сұрақтар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, сонымен қатар, атқарушылық іс-жүргізу, заңды тұлғаларды тіркеу, жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу, әкестілігі сияқты адам өмірінде кездесетін басқа да мәселелерге қатысты маңызды ақпарат таратады.

«Кенес телефон арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің (http://www.adilet.gov.kz/kk/questions/ask), Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының» (http://www.zqai.kz/ru) сайтына хабарласқан азаматтарға беріледі, «Әділет» АҚЖ «Құқықтық кенес» (https://adilet.zan.kz/kaz/legal_advice) бөлімінде»

Оған қоса, қызметкерлер орындау құжаттарын жүзеге асыру, атқарушылық іс-жүргізу мәселелері жөніндегі сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беру бойынша азаматтардың үндеулерін қабылдайды.

Консультациялық қызметтер мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі. Тегін қоңырау шалу: Қазақстан бойынша – 119 (ұялы операторлардан басқа) Нұр-Сұлтан, Алматы қ. үшін 58-00-58. Қызылорда облысы Әділет департаменті

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Сұлтанова Гүлбану Сұлтанқызы (лицензия №0002726, 08.10.2009 ж.) 2022 жылдың 16 ақпанында қайтыс болған азамат Абызов Умурақ Мұсаевичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 54/24, тел.: 8-701-163-18-70.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Сағыныш



Бұл күндері облыстың құрметті ардагері, дербес зейнеткер, Сырдария ауданының құрметті азаматы Хамит Емберенов бір қауым елге айналған немере мен шөберенің ортасында отыр. Әлі қуатты. Кеңе ұлы Жанабадин мен келін Маржанның қамқор құшағына бөленгенін жиі әңгімелейміз. Сүйікті жары, еңбек ардагері, Батыр ана Ләтіпа Еспенбетқызымен елу жылдан аса сыйласып, тату-тәтті өмір сүрді. Аққудың сынарындай Ләтіпа 75 жыл өмір сүрді.

Бір қаптап Құран кітаптарын аркалап, соны үй-үйге таратқаны ұзақ әңгіме. Асыра сілтеу кезінде сол кітаптарды белсенділер іздестіріп, маза бермеген сәтте Еспенбет қажы «Ақбүйектің» бір шетіндегі шұңқырға көміп, аман-сау құтылғанын ұлы Шахап аға бізге талай рет көзіне жас алып айтқан еді.

Білімгер Еспенбет аға 1934 жылы осы туған топырағында дүниеден өтті. Артында Шахап, Құлшан, Ләтіпа қалды. Шахап аға соғыста тұтқынға түскен. Шәкеннің үлкен апасы Құлшан ұл-қыз өсіріп, тамыр жайып, ас пәни дүниеге аттанғанына біраз жылдың жүзі болды.

Еспенбет атаның зайыбы Тәтен әже кенжесі Ләтіпаны бауырына басып, шаңырақтың отын өшірмей, ұлы Шахаптың соғыстан оралуын сарыла күткенін жиі әңгімелейтін еді. Біз мектептен оралған бойда нағашы әжеміз Тәтен қызық әңгімелерін тамсана айтушы еді-ау. Әңгімешіл кісі болатын. Әлі есімде, 1948 жылдың жайма-шұақ жазы. Әжемнің үйіне Қызылордадан төрт-бес адам қызы Ләтіпаға құда түсуге келді. Орталарындағы кісі өзін Би-жанның Махамбетжанымын деп таныстырды. Қасында күйеу бала Хамит аға, Пединституттың тарих факультетінде екінші курста оқитынын айтты. Сонымен, құдаларды шығарып салу жалғасты. Қазіргідей көлік жоқ. Қаладан түймен келген. Құдалар Ләтіпа мен Хамит ағаны қоршау жасаған нарға мінгізіп, Қызылордаға аттандырды.

Сол Ләтіпа Еспенбетқызы Хамит Ембереновпен елу жыл отау құрып, пәни дүниеге аттанғанына биыл жиырма жыл толып отыр. Жуырда ұл-қыздары жиналып Ләтіпаны ескен алу мәзірін өткізіп, ас беріп, үлкен бір міндеттен құтылғанына біз де куәгер болдық.

Ас беру рәсімінде әңгіме өрбіді. Хамит аға, ұл-қыздары, құда-жеқкаттары сыйластығы жарасқан Ләтіпа жайында жүрекжарды әңгімелер айтты, жұртты бір серпілтіп тастады. «Ат тұяғын тай басар» демекші, әсіресе, немере-шөберелерінің лебіздері бәрімізді толқатты.

Батыр ана Ләтіпа Еспенбетқызы он бала тәрбиелеп, отыз-қырықтай немере, шөбере сүйіп өмірден өтті. Жиырмаға жуық құдаларымен сыйлас болды. Отыз жылдай еңбек

етіп, зейнетке шықты. Қыздары Қадша, Шара, ұлдары Марат, Жаңабәдір, Гайнетдиндер бір-бір шаңырақ.

Шаңырақтың үлкен бәйтерегі, ардагер Хамит Емберенов қазір тоқсаннан асып, жүздің ауылына шығар мерзімге бірер жыл қалғанын жиі әңгімелейді.

Ұзақ жыл обкомда, қалалық партия комитетінде, «Білім» қоғамында, «Боздақтар» редакциясында жұмыс істеді, сонан соң 25 жылдай Сырдария аудандық партия комитетіндегі бір бөлімді басқарды. Еңбек ардагерлері Төлек Сақтағанов, Ертуған Жүсіпов, Айтбай Ыстықбаев, Мырқы Исеев, Нұрмақ Тоқмырзаевпен бірге қызмет істеді. Бірінші хатшы Еламан Жүнісбаев мектебінен өткенін мақтан етіп, әңгіме өрбітіп отырады.

Кен бөлме төріндегі диванда Хамекен отыр. Сүйікті жары Ләтіпадан көз жазып қалғанына биыл жиырма жылдан асқанын еске алады. Көзіне жас үйірлі. Сынарынан айрылған аққудай кейіп байқалады. Шүкір деп бойын тіктеді. «Шара бастаған қыздарымын қушағындамын. Немере-шөберелерімнің ітпапты бөлек. Келінім Маржанның бағымдымын. Өткен, сынары, сүйікті жарым Ләтіпа есімнен кетпейді» дейді.

Өмір-өзен, ол ағысын тоқтатпайды. Әлі де көрер қызығыңыз көп болсын, Хамит аға!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ, Қазақстанның құрметті журналисі

● МЕРЕЙ

А.Токмағамбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде ұзақ жылдар білім саласында қажырлы еңбек еткен математик ұстаз Қадыр Әмзевтің 85 жас мерейтойы өтті. Салтанатты шараға облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов, облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова қатысты. Ардагер ұстазға облыстың Құрмет грамотасы табысталды.

Ұлағатты ұстаз биігі

Қадыр Әмзевтің 1961 жылы Қызылорда пединститутының физика-математика бөлімін бітірген. Еңбек жолын Ақмола облысының «Сабынды» орта мектебінде мұғалімдіктен бастайды. 1963 жылы өз облысымызға келіп, А.Пушкин атындағы орта мектепте және №143, №147 мектептерде мұғалім, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған. Оның оқыту әдістерін, педагогикалық жұмыстарды басқару тәжірибесін үлгі етіп, бірнеше рет аудандық, облыстық семинарлар өткізілген.

Озат тәжірибесін облыстық кадрлар біліктілігін арттыру институты зерттеп, 1965 жылы «Озат тәжірибе көпке ортақ», 1972 жылы «Толық үлгімізге жету жолында», 1987 жылы «Сабақтарға ЭВМ қолдану – өмір талабы» деген плакаттар шығарылған. 1990 жылы «Компьютерлік сауаттылық – білімділіктің негізгі шарты» тақырыбымен екі тілде кітапша жарық көріп, аймақ мектептеріне таратылған. Жаңашыл ұстаздың оқыту әдістері жайлы зерттеу мақалалары «Қазақстан мектебі», «ИФМ» журналдарына шықты. Бұған қоса, республикалық физика-математикалық журнал – «Алгоритмнің» әр жылдардағы сандарында оқырмандар үшін тартымды әрі қызықты еңбектері жарық көрді.

Мерекелік іс-шарада ұстазға құрмет көрсетілді.

– Сыр бойы ұстаздары атынан мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз қиындығы мен қызығы қатар жүрген мамандықтың көш баысында тұрған ұстазсыз! Білім керуенін бастаған ұстаз ретінде қандай құрмет көрсетсек те, қалай мақтасак та жараспайды. Сіздің еліміздің болашағы – жастарға білім мен тәрбие беру жолындағы ұстаздық еңбегіңізді, сапалы сөздеріңізді, сабырлы мінезіңізді, ұстазға тән ұстамдылығыңызды, шеберлігіңіз бен парасаттылығыңызды, еліміздің қоғам белсенділерін тәрбиелеу жолындағы табысты жұмыстарыңызды әрқашан үлгі тұтамыз, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Бактыбайқызы.

Мерекелік іс-шара Қадыр Әмзевтің сөзіне жазылған әсем әндермен жалғасын тапты. Эстрада өншісі Қыдырәлі Болманов ардагер ұстазды мерейтойымен құттықтап арнайы келді. Мерейтой жергілікті өнерпаздардың концертіне ұласты.

«СБ» ақпарат

● АКЦИЯ

«УЫЛДЫРЫҚ ШАШУ»

судағы уылжыған тіршілік қорғаны

Теңіз жақ беткейде тұратындар үшін таныс бір сөз бар. «Ойын балық» дейді. «Ойын балықтың кезінде шанышқымен шығу керек» деп алақанын ысқылайтын кей жігіттерді де көрдік. Бұнысы – көл жиегіне жақын келетін балықты нысанаға алу. Дұрысы, осылай аулағанды тәуір көреді.

Сb Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

«Ойын балықтың» уақыты – мамыр-маусым айы. Күн ысысымен дария мен көл жағасына жақын маңда балық біткеннің жиі-жиі шоршитынын байқаған боларсыз. Су бетіне ытқи шығып, ауада бірер секунд қалықтаған күйі қайта сүнгілі. Көзге асыр салып ойнап жүргендей көрінеді. Атауы осыдан қалыптасқан сияқты. Ал біз мұндайда үлкендердің «уылдырық шашар уақыты болыпты-ау» деген күбірін естіптібіз. Анысын аңдасақ, балық шіркін өз ұрпағын жағаға жақын келіп тастайды екен. Неге олай екенін де осы алдыңғы буын айтып берген. Жиектегі судың жылы болатыны, уылдырықтың тез жетілуіне мұның үлкен көмегі барын осылай білдік.

«Ойын балықтың» уақытын әдейі күтіп, аулайтындар жоқ емес. Қаптап алып, оңай олжаға кенелгісі келеді. Бұл – балық өсіміне бірден-бір кедергі. Содан болар, жыл сайын өңірде балықты қорғау мақсатында «Уылдырық шашу» акциясы өтеді. Биыл да солай. ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты Балық шаруашылығы комитетінің «Су айлындарында «Уылдырық шашу» балық қорғау акциясын өткізу туралы» бұйрығы шыққан. Қазір осының негізінде облыс аймағындағы



теңіз, өзен және көлдерде қатаң бақылау жүргізілуде.

Акция 1 сәуір мен 10 маусым аралығын қамтиды. Қорғау шарасы Кіші Арал теңізінде 1 мамырдан басталса, облыстағы су айлындарында 20 сәуірден 10 маусымға дейін балық аулауға болмайды. Сондай-ақ артемияның көбею кезінде Өзбекстан Республикасының шекарасына дейінгі Қазақстан мезгілінде балық шаруашылығы саласындағы заңдылықтарды көпшілікке түсіндіру мақсатында жұмыртқаларын жинауға тыйым салынған. Бұл шара 1 сәуір мен 31 шілде айының аралығын қамтиды.

– Қазір инспекция бойынша 92 табиғат қорғау заңнамасын бұзу анықталып, оның ішінде 5 қылмыстық іс ішкі істер органына жолданды. 87 әкімшілік хаттама толтырылып, оның 16-сы сот орындарының қарауына жіберілді. Акция басталғалы заңсыз балық аулағаны үшін 71 адамға 765 мың теңге айыппұл салынды. Табиғатқа келтірген залалы үшін 14 адамнан 6 млн 186 мың теңге талап етіліп, өндірілуде. 1876 келі әртүрлі балық тәркіленді, – дейді Арал-Сырдария облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының бас маманы Руслан Сейітмұратов.



Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

● ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

Қара құнажынның зарлы үні

Бала күнінде демалыс бола қалса нағашымның ауылына асығатынмын. Ыстық сүтін сапырған апамның аялы алақанын сезініп, пеш түбіндегі мысықтай пырылдап ұйықтайтынбыз. Төрт түлкі кәсіп еткен көкемің де ауылдағы шаруасына азды-көпті қолғабыс ететініміз бар. Атамның жануарларға қамқорлығы шексіз еді. Басынан сипап, асқан мейіріммен қарайтын.

Ұлы сәскеде жолға шықтық. Көлік алдына көкем жайғасты. Бекту көкөмінен жол бойы аңанымынаны сөз етіп келеміз. Біз бет алған жолдың бойында аруаналар қаз-қатар тізіліп тұратын. Көкемің түйеге деген ықыласы ерекше еді. Жай ғана күрсініп, «ой жануар-ай» дейтін.

– Көке, сіздің мал-жанға деген қамқорлығыңыз ерекше екенін білемін. Бірақ түйені көргенде, «ой, жануар-ай!» деуіңізде сыр бар ма? – деп сұрадым.

Шақырымдарды артта қалдырған Бекту көкем жол бойы үнсіз келді. Жеткен бойда шаршағанын басып, жайланып алған соң ғана әңгімесін бастады.

– Шилелі өңіріндегі халықтың біраз бөлігі – көршілес өзбек, тәжік, қырғыз ағайындар арасынан көшіп келгендер. Жаз жайлауға, қырда қыстауға, егіннің жинап болған соң, бір жерден екінші жерге қоныс аударатын. Неге екені белгісіз арала-

рын 10-20 шақырым етіп айырып, бір жерде топтасып отырмайтын. Түліктің төртеуін де баққан әр шаңырақта 10-15 малдан болушы еді.

Басы сабантойда немесе Құрбан айт, Ораза айтта ғана қосылып, дидар-ғайып болатын. Осындай кездесудің бірінде тағы да қоныс аудару керек екені айтылды.

Түйе деген жануардың жолын көрсетсең бармайтын, жетпейтін жері жоқ. Қазақтар түйелерді қолхозға өткізіп, көшпек болған. Бұл – жаз айының ортасынан ауған кез. Хабар бірден-біріне жетіп, бота, тайлақ, түйелерді ет комбинатына жөнелтеді. Әшейінде қайда жетелесең сонда жорта беретін жануар бұл сапардың өлім сапары екенін білгендей, аяғын басып, Жетектеген жанда да, жетектелген малда да зәре жоқ. Ат шаптырым аумақтағы үлкен қораға жануарларды әрең дегенде кіргізген еді.

4-5 метр болатын цемент



қорадан мойнын созып, зарлап тұрды, әсіресе, біздің қара құнажынның екі көзінен аққан жасы мен зары, әр бұрышты кезіп зарлаған жануарлардың даусы олардың қарасы көрінбей қалғанға дейін құлағымыздан кетпеді.

Көкем – көрген-білгенін іште сактайтын жан. Үйге келе теріс қараған бойы нәр таптастан тура 3 күн жатты. Анда-санда насыбайын атын қоятын. Кейін өз-өзіне келіп, болған жағдайды айта бастағаны сол еді, үйдегілердің жыламағаны қалмады, – деді ол.

Осы кезде Бекту көкем де көз жасына ерік беріп, ұзақ үнсіз отырды. Тіпті көзбен көрмеген менің де көңілім босағандай.

– Арада қаншама жылдар өтсе де, қара құнажынның зарлы үні құлағымынан кеткен емес. Ажал неткен қорқынышты еді?! Мал екен, малдың өзін зарлана жылатар ма? Ажалдың аларын білген түйеге жануар-ай демей не дейін? – деп Бекту көкем өз сөзін аяқтады.

Айгерім ӘЛШЕР

Облыс орталығындағы «Тағзым» алаңында Чернобыльдегі радиациялық апат зардабынан қаза тапқандарды еске алу шарасы өтті.

Сb Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

Апат құрбандарын еске алды



1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр станциясында жарылыс болып, радиациясы көрші мемлекеттерге тарап, апат күллі адамзаттың қасіретіне айналды. Радиоактивті түтін салдарынан 10-нан аса мемлекеттің 145 мың шаршы шақырым жері ластанды, кем дегенде 5 миллионға жуық халық залалын тартты.

Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан мыңдаған отандасымыз ерлігі мен жігерінің арқасында радиацияның әрі қарай таралуына тосқауыл болды.

– Өлемді дүр сілкіндірген апатқа 36 жыл толып отыр. Зарлап шеккен аймақтарды залалсыздандыру үшін 10 мыңға жуық отандасымыз аттанды. Оның ішінде Сыр өңірінен 800-ге жуық азамат теріледі. Қазір зұлмат апаттың күегері болған 300-дей ардагер ғана ортамызда. Бүгін өткеннің естелігін жаңғыртып, сол боздақтарды еске алу үшін жиналды. Бұл – көптің есінде қалған тарихи әрі тағдырлы кезең. Бейбіт еліміздің аспаны ашық, шекарасы бекем, тыныштығы мәңгілік болғай, – деді қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы П.Жаңабергенов.

Шараға жиналғандар Чернобыль апатын жоюға атсалысқандар рухына бас иіп, оларды бір сәт үнсіздікпен еске алды. Соңында құрбандардың рухына Құран бағышталып, ескерткішке гүл шоқтары қойылды.



Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

